

«Жылы жүрек — өмір шуагы»

Өл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасының ұйымдастыруымен «Жылы жүрек — өмір шуагы» атты жазушы, Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхананың тифло-редакторы Мадина Ермаханованың «Үмтылыс» кітабының тұсаукесері өтті.

Шараны кітапханамыздың директоры, ф.ғ.к. А.Жаппаркулова ашып, жазушының шығармасы жайлы ойымен бөлісті.

Кітапхана қызметкерлері мен оқырмандар жазушының шығармасынан үзінділер оқып, О.Жәнібеков атындағы ОКПУ – нін студенттері әдеби композиция орындады. Жазушының көзі көрмейтін және әлсіз көретін әріптестері жылы лебіздерін білдіріп, олар жолдарын арнады.

Дәстүрлі әнші, термеші Тәттімбет Керей және кітапхана қызметкерлері Д.Тұрмаханова, А.Алдабергеновалар ән айтып, қорермендерге әдемі көніл-күй сыйлады.



